

АЛАЯҚ ҚҰРБАНДАРЫ ӨЗ АТЫНА РӘСІМДЕЛГЕН НЕСИЕНІ ЖОЯ АЛАДЫ 2



КӨШІ-ҚОН – ЕЛ ЕРТЕҢІНЕ ЖАСАЛҒАН ҚАДАМ 3



№35 (727). 19 қыркүйек, 2025 жыл

*Өзгені сынағанша, өзіңді түзет!*

# ҚЫЗМЕТ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

www.kyzmet-gazeti.kz

Газет 2009 жылдың 19 маусымынан шыға бастады




# ОТБАСЫЛАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫ ЖАҢА ҮЛГІМЕН БАҒАЛАНАДЫ

**Әлеуметтік саясатты жаңғырту аясында елімізде жаңа тетіктер енгізілуде. Жуырда Қазақстанның екі өңірінде – Шымкент қаласы мен Қарағанды облысында отбасылардың тұрмыс деңгейін анықтайтын скорингтік үлгі бойынша пилоттық жоба қолға алынды. Жоба әлеуметтік қолдау шараларын әділ бөлуге бағытталған.**

Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифинг алаңында Шымкент қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы Жанат Өтебаева, білім басқармасы басшысының орынбасары Жанар Қасымова, дене шынықтыру және спорт басқармасының спорт ұйымдарының қызметін үйлестіру бөлімінің басшысы Нұрлыбек Өтепбергенов және «Отбасы банк» АҚ-ның Шымкент қалалық филиалы директорының орынбасары Еркін Ахыншаев баяндады.

Жаңа жобадағы балдық жүйе білім беру, әлеуметтік қорғау, тұрғын үй және дене шынықтыру салаларындағы мемлекеттік қызметтерді ұсынуда қолданылады. Жаңа тәсіл республикалық бюджеттен төленетін төлемдерді өзгертпей, шын мәнінде мұқтаж жандарға жергілікті бюджет есебінен қосымша көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

Отбасының жағдайы табыс пен мүліктен бөлек, денсаулық, мүгедектік, білім деңгейі, отбасыдағы жүктеме және бейресми табыс сияқты 23 көрсеткіш бойынша есептеледі.

– Бағалау нәтижесінде барлық отбасылар 6 санатқа бөлінеді – аса мұқтаждан бастап жоғары әл-ауқаттыға дейін. Мысалы, екі және одан да көп пәтері, бірнеше көлігі бар, тіркелген кәсіпкерлігі және жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төрт есе асатын отбасылар жоғары алтыншы санатқа енгізіледі. Олар жергілікті бюджет есебінен қосымша қолдау шараларынан шығарылады, – деді Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы Жанат Өмірсейітқызы.

Ал 1-5 санаттағы отбасыларға көмек автоматты түрде тағайындалады. Мұндай қолдауға мектепте тегін тамақтану, жатақханамен қамту, тұрғын үй жәрдемақысы мен санаторлық емдеу жатады.

Ең бастысы, жаңа үлгі республикалық бюджеттен төленетін 41 түрлі әлеуметтік төлемге әсер етпейді. Зейнетақылар, көпбалалы және марапатталған аналарға берілетін жәрдемақы, жүктілік пен бала күтіміне байланысты төлемдер, мүгедектігі бар жандарға қолдау және атаулы әлеуметтік көмек көлемі бұрынғыдай сақталады.

*(Жалғасы 4-бетте).*

« ҚЫЗМЕТ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР. ИНДЕКС: 64295



# ҚЫЗ АЛЫП ҚАШУҒА РҰҚСАТ ЖОҚ: НЕКЕГЕ МӘЖБҮРЛЕП КӨНДІРУ – ҚЫЛМЫС

**16 қыркүйектен бастап Қазақстанда некеге мәжбүрлегені үшін қылмыстық жауапкершілік енгізіледі, деп хабарлайды ІІМ баспасөз қызметі.**

«Кейбір заңнамалық актілерге Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасын оңтайландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңда адам ұрлау және некеге мәжбүрлеу сияқты өзекті тақырыптарға қатысты өзгерістер қарастырылған.

– Басты жаңашылдықтардың бірі – Қылмыстық кодекстің 125-бабындағы ескертпенің алынып тасталуы. Бұған дейін ұрланған адамды ерікті түрде жіберген адам қылмыстық жауапкершіліктен босатылуы мүмкін еді. Енді бұл мүмкіндік алынып тасталды: жәбірленушіні өз еркімен босатқан күннің өзінде кінәлі адам заңға сәйкес жауапкершілікке тартылады, – деп түсіндірді министрлік.

Сонымен қатар Қылмыстық кодекске жаңа 125-1-бабы «Некеге мәжбүрлеу» енгізілді. Енді бұл әрекет қылмыстық құқықбұзушылық ретінде танылады.

– Некеге мәжбүрлегені үшін айыппұл, түзеу немесе қоғамдық жұмыстар, бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жаза қарастырылған. Қылмыстың мән-жайына байланысты 2000 айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұлдан бастап екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға дейін жаза қарастырылады. Егер мұндай әрекет абайсызда ауыр зардаптарға әкелсе, бес жылдан он жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделеді. Ал егер мәжбүрлеу зорлық-зомбылықпен, кәмелетке толмағандарға қатысты, тәуелділігін пайдалану арқылы, адамдар тобымен немесе қызмет бабын пайдалана отырып жасалса, бұдан да қатаң жаза қарастырылған, – делінген ведомство таратқан ақпаратта.

Бұл өзгерістер некеге мәжбүрлеудің алдын алуға және ең алдымен әйелдер мен жасөспірімдер сияқты осал топтарды қорғауға бағытталған.




ҚИЫН ЖАҒДАЙДАҒЫ ОТБАСЫ ҚОҒАМ НАЗАРЫНДА: ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОЛДАУ НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ? 3



ЕҢБЕК ОЗАТЫ АТАНДЫ 4




# ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚАРАЖАТЫН ТІС ЕМДЕУ ҮШІН АЛУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНДЫ

**Қазақстанның Денсаулық сақтау министрлігі 2021 жылғы 15 ақпандағы "Емдеу үшін біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына өзгерістер енгізіп жатыр. Өзгерістер зейнетақы жинақтарын тіс емдеуге пайдалануға тыйым салуды көздейді, – деп хабарлайды Tengrinews.kz тілшісі.**

Денсаулық сақтау министрлігі мұндай шешім зейнетақы жинақтарын стоматологиялық қызметтер арқылы заңсыз шығару деректерінің көптігіне байланысты қабылданғанын түсіндірді.

"Жобада тіс протездеу және имплантация сияқты стоматологиялық қызметтерге біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалану нормасын алып тастау көзделген. Шешім медициналық құжаттарды қолдан жасау және зейнетақы жинақтарын мақсатсыз пайдалану жағдайының көптеп кездесуіне байланысты қабылданды", – делінген құжат жобасында.

Талдау нәтижелері бойынша, азаматтардың стоматологиялық қызметтерді төлеуге берген өтінімдері алаяқтық схемалар арқылы бірқатар клиникалардың пайдасына шығарылған. Осыған байланысты 15 қыркүйектен бастап зейнетақы қаражаты есебінен медициналық көмектің бұл түрін қаржыландыруға өтінім қабылдау тоқтатылды.

"Отбасы банк ақпараты бойынша, 2021 жылдан 2025 жылғы 20 тамызға дейін enpf-otbasy.kz платформасы арқылы тек "Стоматологиялық қызметтер" мақсаты бойынша 757 миллиард теңгеге 795 424 транзакция жүргізілген. Талдау нәтижесі бойынша, 222 миллиард теңгеден астам қаржы ТОП-20 стоматологиялық клиникаға бағытталған. Бұл клиникалардың басым бөлігі Қазақстанның ірі қалаларында орналасқан", – деп хабарлады ведомство.

Бұған дейін Денсаулық сақтау министрлігі "Ашық НҚА" порталында стоматологиялық қызметтердің ақысын төлеу үшін біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалану нормасын толықтай алып тастау ұсынылған бұйрық жобасын жариялаған болатын. Құжат қоғамдық талқылауға шығарылды.

Арада күн салып, Отбасы банк стоматологиялық қызметтерге өтінім қабылдауды уақытша тоқтатқанын хабарлады. Банкте бұл шешімді қаражатты мақсатсыз пайдалану деректерінің көптігі және құжаттардың қолдан жасалуымен түсіндірді.

# АЛАЯҚ ҚҰРБАНДАРЫ ӨЗ АТЫНА РӘСІМДЕЛГЕН НЕСИЕНІ ЖОЯ АЛАДЫ

**Қазақстандықтар алаяқтардың құрбаны болған жағдайда өз атына заңсыз рәсімделген несиелерді жоюға мүмкіндік алады. Бұл туралы "Информбюро" хабарлады.**

Банктер және банк қызметі туралы заңға енгізілетін алдағы өзгерістер туралы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрайымы Мадина Әбілқасымова мәлімдеді. Оның айтуынша несиені жоюға негіз болатын жағдайлар тізімі кеңейтілген. Енді егер ақпараттық қауіпсіздік пен алаяқтыққа қарсы жүйелердің ережелері бұзылса немесе биометриялық тексеріс тіркелмесе, мұндай несиелер сот тәртібімен немесе әкімшілік жолмен жойылуы тиіс.

"Сотқа жүгінбей-ақ, несоттық тәртіпте де жоюға болады. Егер биометрия дұрыс жүргізілмесе немесе мүлде өткізілмесе, несие алудан өз еркімен бас тарту жағдайы болса, 24 сағаттық "ойлану кезеңі" сақталмаса, не болмаса жұбайының келісімі алынбаған болса, мұндай абсолютті негіздер болған жағдайда несие сотсыз-ақ жойылады", – деді Мадина Әбілқасымова.

Жаңа ережелер байланыс саласына да қатысты болмақ. Себебі көптеген алаяқтар қоңырау шалу немесе мессенджерлер арқылы әрекет етеді. Ұлттық банк жанынан бірыңғай антифродорталық құрылуда. Ол барлық күмәнді қоңыраулар туралы мәліметтерді жинайды. Байланыс операторлары бұл ақпаратпен алмасып, алаяқтардың қоңырауларын бұғаттайтын болады.

Сондай-ақ, бұған дейін алынған несиелерді реттеу мәселесі де маңызды болып қала бермек. "Банк тек өзінің қалтасын ойлайды. Мен сондай жүйе құру туралы түзету енгіздім, ол жерде банк емес, жасанды интеллект түсіністік танытып, шынымен бұл қарыз алушыға жеңілдік керек екенін айтып, сіздің несиеңізді еш қиындықсыз төлеуге мүмкіндік беретін жаңа төлем кестесін ұсынатын болады", – деді депутат Анас Баққожаев.

# ЖӨНДЕЛІП ЖАТҚАН ЖОЛҒА АҚЫ АЛЫНБАЙДЫ

**Қазақстанда республикалық маңызы бар ақылы автожолдарды пайдалану бойынша жаңа ережелер күшіне енді. Енді жүргізушілер қозғалысқа қауіпсіз әрі жайлы жүруге кедергі келтіретін ақаулар анықталған жол бөліктері үшін ақы төлемейді.**



Көлік министрлігі биыл мамыр айында жолдағы ақаулар үшін ақы алудан босату жөнінде ұсыныс енгізген еді. Елде барлығы 27 ақылы трасса бар. Мысалы, ұзындығы 100 шақырым жолдың 5 шақырымы ақаулы деп танылса, жүйе төлемді тек қалған 95 шақырым үшін ғана есептейді. Ақау тіркелген сәттен бастап ақы алу автоматты түрде тоқтатылады және жөндеу жұмыстары толық аяқталғаннан кейін қайта жанданады.

Жолдардың жағдайын ұлттық оператор жүйелі түрде тексеріп отырады. Сонымен қатар өлшеу және бақылау жұмыстары жүргізіледі. Жүргізушілер жолдағы ойықтар мен зақымдарды тәулік бойы жұмыс істейтін 1403 нөміріне қоңырау шалып хабарлай алады. Барлық өтініш жедел қаралып, қайта есептеу немесе ақшаны қайтару артық рәсімдерсіз жүзеге асырылады. Министрліктің мәліметінше, жаңа ереже республикалық және халықаралық маңызы бар барлық ақылы автожолдарға қолданылады.

Сонымен қатар ведомство жүргізушілер төлемді қайта есептеу немесе қаражатты қайтару фактісін қалай растай алатынын түсіндірді.

"Пайдаланушы мемлекеттік нөмірі бойынша жеке шотын өзі тексеруге және қажет болған жағдайда ұлттық оператордың байланыс орталығына 1403 нөмірі арқылы жүгінуге құқылы", – делінген министрлік хабарламасында.

**Заң мен тәртіп**

# ӘДІЛЕТСІЗДІККЕ БЕЙ-ЖАЙ ҚАРАМАҢЫЗ

**Сыбайлас жемқорлық – кез келген мемлекеттің дамуына тосқауыл болатын аса қауіпті құбылыс. Ол қоғамда әділдіктің салтанат құруына кедергі келтіріп қана қоймай, халықтың мемлекетке деген сенімін әлсіретеді, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын тежейді. Сондықтан да сыбайлас жемқорлықпен күресу – бүгінгі күннің ең өзекті мәселелерінің бірі. Бұл тек қана арнайы органдардың немесе билік өкілдерінің емес, барша азаматтың ортақ міндеті екені айқын.**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Жолдауларында «Әділетті Қазақстанды құрудың басты тетігі – сыбайлас жемқорлықты түбегейлі жою» екенін атап өтті. Бүгінде елде осы бағытта жүйелі жұмыстар атқарылып келеді. Мемлекеттік қызмет көрсетулердің электрондық форматқа көшуі, «Ашық үкімет» пен «Ашық бюджеттер» жобасы, халыққа қолжетімді бақылау тетіктерінің пайда болуы – соның айғағы. Дегенмен, жемқорлықпен күресте ең басты рөлді азаматтық қоғам атқарады. Әрбір қазақстандық өз ортасында әділетсіздікке бейжай қарамай, заңды бұзушылықтарға жол бермеуі тиіс. Жемқорлықтың алдын алу үшін қарапайым қағидаларды ұстану қажет:

- Қызмет алуда «оңай жолды» іздемеу, тек ресми рәсімдерді пайдалану;
- Өз құқықтары мен міндеттерін білу, заңды сақтау;
- Әділетсіздікті байқаса, тиісті орындарға хабарлау;
- Жастардың бойына адалдық, әділдік құндылықтарын сіңіру.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес мәдениеті ең алдымен отбасынан, мектептен, еңбек ұжымынан басталады. «Адалдық – ардың ісі» деген халық даналығын естен шығармай, жас ұрпаққа үлгі болу – үлкендердің парызы. Егер әрқайсымыз өзімізден бастасақ, жемқорлықсыз қоғам құруға жол ашылады.

Қорытындылай келе, жемқорлыққа қарсы күрес – тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ ісі. Әрбір азамат белсенділік танытып, әділдікке қолдау білдірсе, Қазақстанымыздың болашағы жарқын, дамуы тұрақты болады.

**Тұрысбек Динара Темірханқызы**
**Түркістан облыстық «Фараб» әмбебап ғылыми кітапханасының библиография бөлімінің библиографы**

# ҚЫЗМЕТКЕР ЖАРАҚАТ АЛСА, КІМ ӨТЕМАҚЫ ТӨЛЕЙДІ?

**Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, 2005 жылдан бастап Қазақстанда қызметкерлерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру заңнамалық тұрғыда енгізілген, деп хабарлайды BAQ.KZ тілшісі.**



Оның басты мақсаты – зардап шеккен қызметкердің жоғалған табысын өтеу және денсаулыққа келтірілген зияннан туындаған шығындарды жабу.

Сақтандыру жүйесі жұмыс берушінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Яғни жұмыс беруші сақтандыру ұйымымен шарт жасасып, еңбек міндеттерін орындау барысында жазатайым оқиғаға тап болған қызметкерге төлемдер жүргізіледі.

Зардап шеккен қызметкерге жалпы немесе кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі белгіленеді. Соның негізінде ол әлеуметтік қорғаудың көпдеңгейлі жүйесінен төлемдер алады. Атап айтқанда:

– белгіленген мүгедектік тобына байланысты бюджеттен мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы;

– мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан әлеуметтік төлемдер (мертіккенге дейінгі табыс көлеміне, әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтіліне және еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесіне қарай);

– кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесіне байланысты сақтандыру ұйымынан төлем.

# КӨШІ-ҚОН – ЕЛ ЕРТЕҢІНЕ ЖАСАЛҒАН ҚАДАМ

**Шымкент қаласы – қарқынды дамып келе жатқан мегаполистердің бірі. Соңғы жылдары өңірде әлеуметтік-экономикалық өсім байқалып, инфрақұрылым дамып, жаңа жұмыс орындары ашылуда. Халық санының көбеюі мен урбанизация үдерісінің жеделдеуі де бұл үрдісті айғақтай түседі.**

**Сонымен қатар, Шымкент – шетелден қоныс аударған этникалық қазақтарды (қандастарды) қабылдайтын аймақтардың бірі. Жергілікті атқарушы органдар тарапынан қандастардың бейімделуіне, тұрғын үймен, жұмыспен қамтылуына, білім мен әлеуметтік қолдауға ие болуына қажетті жағдайлар жасалып келеді. Осылайша Шымкент қаласы түрлі әлеуметтік топтардың бір арнаға тоғысқан ынтымақты орталығына айналуда.**



Осы орайда Шымкент қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының көші-қон және қандастармен жұмыс жүргізу жөніндегі бөлім басшысы Дамира Ешенкулова көші-қон саясатына қатысты жүзеге асырылып жатқан шаралар туралы баяндады.

– Елімізде қандас мәртебесі бұрын сонды Қазақстан Республикасының азаматтығында болмаған, ұлты қазақ азаматтар мен азаматшаларға және олардың отбасы мүшелеріне беріледі. Бұл қандастардың тарихи Отанына оралып, елге, жерге бейімделуі үшін және болашақта Қазақстан азаматтығын алуы үшін қажет. Қандас мәртебесі бір жылға беріледі және бір рет алты ай мерзімге ұзартылады.

Қазіргі таңда 2025 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша Шымкент қаласында 291 отбасы, 626 адам қандас мәртебесін алса, 6 айға қандас мәртебесін ұзартқандар саны 18 отбасыдан 19 адамды құрады. Қандас мәртебесін алған адамның ішінде – 284 ер адам және 342 әйел адам, 18 жасқа дейінгі тұлғалар – 251 адам, еңбекке қабілетті жастағы адамдар – 319 адам. Білім деңгейі бойынша айтар болсақ, жоғары білімді – 84 адам, орта арнайы білімді – 102 адам, жалпы орта білімді – 112 адам, білімі жоқ – 4 адам.

ТМД және шетелдерден көшіп келген этникалық қазақтардың басым бөлігі Өзбекстан Республикасынан келгендердің үлесінде. Дәлірек айтсам, Өзбекстаннан келген 634 адам, Қытай Халық Республикасынан келген 7 адам, Ресейден келген 3 адам, Қырғызстаннан келген 1 адам бар.

Сонымен қатар, қоныс аударған қандастардың басым бөлігі құрылыс саласында, сауда-саттықпен және басқа да жалдамалы жұмыстармен айналысады. Шымкент қаласы әкімдігінің «Еңбек мобильдігі орталығына» бүгінгі таңға 30 қандас жүгінген. Олардың ішінен 16 адам жұмыспен қамтудың белсенді шараларымен қамтылған. Атап айтқанда:

– 10 адам бос жұмыс орындарына жолдамамен жолданған;

– 1 адам жастар практикасына жолдамамен жолданған;

– 1 адам ақылы қоғамдық жұмыс орнына жолданған;

– 4 адам «Бастау Бизнес» жобасы шеңберінде оқыған.

Көшіп келуші қандас куәлігін алу үшін тіркелген мекенжайы бойынша Халыққа қызмет көрсету орталығына барып, қандас мәртебесін алу үшін қажетті құжаттарды тапсыруы керек. Құжаттар тапсырылғаннан кейін өтініш 30 жұмыс күні ішінде қаралады. Қазіргі таңда шетелде отырып, қандас куәлігіне онлайн түрде өтініш беру мүмкіндігі де қарастырылған. Ол үшін өтініш беруші «Migration.enbek.kz» порталына тіркеліп, қажетті құжаттардың электронды нұсқасын жүйеге жүктеуі қажет. Бұл қызмет азаматтардың уақытын үнемдейді және көші-қон рәсімдерін жеңілдетеді. Елімізде мемлекеттік көші-қон саясаты Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі №477 «Халықтың көші-қоны туралы» Заңына және сол заңнан туындайтын нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады, – дейді ол.

Сонымен қатар, Дамира Нұрғалиқызы шетелдік жұмыс күшін тарту мәселесіне де тоқталып, бұл бағытта атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде бірқатар ақпараттар берді.

– Шымкент қаласына 2025 жылға жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін жұмысқа тартуға Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен 502 (1 санат – 34 адам, 2 санат – 175 адам, 3 санат – 266 адам, 4 санат – 27 адам) бірлік квота бөлінді. Бүгінде бөлінген квота негізінде 16 кәсіпорындар мен ұйымдарда 119 (1 санат – 7 адам, 2 санат – 25 адам, 3 санат – 76 адам, 4 санат – 11 адам) шетел азаматтарының рұқсаты қолданыста, 4490 ҚР азаматы жұмыс істеуде. Қазақстандық қамту пайызы – 98%. Тартылып жатқан шетел жұмыс күшінің білікті мамандарының үлесі – 90%. Шетел жұмыс күшін тартуға рұқсат бергені және ұзартқаны үшін жыл басынан бері 82,8 млн.теңге алым жергілікті бюджетке түсті.

Шетелдік жұмыс күшін тартудың тағы бір бағыты – еңбекші мигранттарға рұқсат беру. Бұл бағыт бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі тарапынан жыл сайын квота белгіленеді. 2025 жылы еңбекші мигранттарға 25 мың квота бөлінген. Бөлінген квота аясында бүгінгі күнге дейін 16 179 адамға рұқсат берілді, ал 10 мыңнан астам адамның рұқсат мерзімі ұзартылды. Еңбекші мигранттарға рұқсат беру процесі арқылы жергілікті бюджетке 981 миллион теңге көлемінде алым түсіп отыр, – дейді ол.

Шындығында мемлекеттік көші-қон саясаты – еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін аса маңызды сала. Елімізде бұл көші-қонды реттеу, қандастарды қабылдау, еңбек мигранттарын тарту, мамандарды өңірлерге бөлу, көші-қонға байланысты инфрақұрылымды дамыту бағыттары бойынша жүзеге асырылады. Бұл саясат еңбек нарығын реттеп қана қоймай, әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға да ықпал етуде. Көші-қон үдерістерін тиімді басқару алдағы уақытта Шымкент қаласының дамуына да зор серпін бермек.



# ҚИЫН ЖАҒДАЙДАҒЫ ОТБАСЫ ҚОҒАМ НАЗАРЫНДА: ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОЛДАУ НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ?

**Өкінішке орай, бүгінде қоғамда әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың, жалғыз басты аналардың, толық емес отбасылар мен өмірлік қиындыққа тап болған азаматтардың саны артып келеді. Бұл жағдайға бірнеше фактор себеп болуы мүмкін. Солардың бірі – халық арасында құқықтық сауаттылықтың төмендігі. Азаматтар өз құқықтары мен мүмкіндіктерін толық білмегендіктен тиісті көмекке жүгінбей, мәселесін уақтылы шеше алмайды. Осындай сәтте құқықтық, заңгерлік кеңес беру мәселені шешуге бағытталған маңызды әрі қажетті қадамдардың бірі болып табылады.**



Соңғы жылдары жиі көтеріліп жүрген тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесі де тек құқықтық емес, әлеуметтік әрі психологиялық түйінге айналып отыр. Бұл жағдай көптеген әйелдер мен балалардың қауіпсіздігіне, денсаулығына тікелей қауіп төндіруде. Мұндайда құқық қорғау органдары мен әлеуметтік мекемелердің, үкіметтік емес ұйымдардың кәсіби араласуы аса қажет. Әсіресе, заңгерлердің, медиаторлардың, әлеуметтік қызметкерлер мен психологтардың көмегі ауадай қажет. Осы тұста халықты ақпараттандыру мақсатында ашық есік күндерін өткізу, кеңес беру алаңдарын ұйымдастыру өте өзекті әрі пайдалы шаралардың бірі болып отыр.

Осы орайда Шымкент қаласында жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының «Отбасын қолдау орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен ашық есік күні өткізілді. Оған «Отбасын қолдау орталығы» КММ директоры А.Қалымбет, Шымкент ҚПД ЖПҚБ отбасылық тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес бөлімінің инспекторы полиция лейтенанты Д.А.Сахибекова, Шымкент қаласы №2 МӘС бөлім басшысы Г.Қожабаева, Қорғаншылық және қамқоршылық орталығының директорының м.у.а. М.Тақсанбаева мен бөлім басшысы М.Б.Диқанбаева, «Отбасын қолдау орталығы» КММ заңгері Ж.Асылбеков, «Әділет-Ақпарат» кәсіпкерлер және тұтынушылардың құқықтарын қорғау қоғамдық бірлестігінің төрағасы Н.Жанзақов, «ЕуроАзиялық медиация орталығы» қоғамдық бірлестігінің директоры, Л.Ақшегірова және Шымкент қаласы заңгерлер палатасының заңгері Н.А.Мырзабай қатысты.

Шара барысында әлеуметтік жағдайы осал топтар мен жалғыз басты аналарға, толық емес отбасы мүшелері және өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасылардың өзекті мәселелерін шешуге заң аясында қолдау көрсетіліп, қажетті кәсіби кеңестер берілді. Бұл іс-шара отбасыдағы қарым-қатынасты нығайту, қиындықтарды жеңу жолдарын көрсету мақсатында ұйымдастырылған маңызды бастама болды. Орталық басшылығы ашық есік күнін өткізу арқылы отбасылардың сапалы өмір сүруіне, қиын сәттерде қолдау табуына ықпал ететінін айта келе, осы мақсатта қоғамды ақпараттандыру әрі қолдау жұмыстарының жалғаса беретінін де тілге тиек етті.

Мұндағы қолдау деп отырғанымыз – адамның өмірін өзгертуге, оны қиындықтан шығуға ынталандыру. Бұл әсіресе, толық емес отбасылар мен көпбалалы аналар өте үшін маңызды. Оларға моральдық және құқықтық қолдау көрсетілсе, жаңа өмірге жол ашылатыны анық. Бұл мемлекет пен қоғамның бірлескен әрекеті арқасында жүзеге асады. Осылайша мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар мен белсенді азаматтар жұмыла отырып, әлеуметтік осал топтардың өмірін жеңілдетуге, олардың қоғамға толыққанды араласуына жағдай жасай алады.

Қиын жағдайға тап болған әр отбасы мемлекет назарынан тыс қалмауы тиіс. Заң аясында көрсетілетін қолдау – қоғамдағы теңдікті сақтап, әділеттілік орнатуға бағытталған маңызды құрал. Әр адам өз құқығын білсе, заңмен қорғалғанына сенсе, қоғам да берік, ел де тұрақты болады. Бұл бастамалар әлеуметтік осал топтардың қоғамда өз орнын табуына және болашаққа сеніммен қарауына жол ашары анық.

**Бетті дайындаған**
**М.ЫБЫРАЙ**

# ОТБАСЫЛАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫ ЖАҢА ҮЛГІМЕН БАҒАЛАНАДЫ



(Соңы. Басы 1-бетте).

Жаңа скорингтік үлгі отбасылардың әл-ауқатын бағалаудың жаңа құралы ғана емес, сонымен қатар мемлекет ресурстарын тиімді басқарудың, әділетті қоғам құрудың маңызды тетігі болып саналмақ. Бұл бастама көмекке шын мұқтаж жандарды нақты анықтап, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етуге жол ашатын болады.

## ЖЕҢІЛДІКТЕР ЖҮЙЕСІ ҚАЙТА ҚАРАУДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ

Елдегі әлеуметтік қолдау шараларына қатысты түйінді мәселе биылғы Президент Жолдауында да қозғалған болатын. Онда мемлекет басшысы қолдау тетіктерін қайта қарауды ұсынып, төлемдерді біріздендіру керектігін сөз еткен еді.

– Мемлекеттің көз алдындағыдан басқаны көрмей, бәріне көне беретін әлеуметтік саясаты жүзден астам түрлі жеңілдіктің пайда болуына әкеп соқтырды. Осы жеңілдіктерді әперемін деп «көмек қолын» созатын жылпостар да көбейді. Біз әлі күнге дейін бұрынғы КСРО аумағындағы және одан тыс басқа да аймақтардағы қақтығыстарға қатысқан азаматтарға арнайы төлемдер жасап, медициналық қызмет көрсетіп келеміз. КСРО-ның ыдырағанына 35 жыл болса да, ардагерлеріміз барған сайын «жасарып», көбейіп барады. Мемлекет өзінің негізгі міндеттерін орындаудан бас тартпайды. Бірақ әлеуметтік жеңілдіктерді қолдан көбейту елді дамытуға, яғни мектеп, аурухана, көлік инфрақұрылымдарын және басқа да нысандар салуға жұмсалуы қажет қыруар қаражатты желге шашу деген сөз, – деген болатын Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында.

Мемлекет басшысы айтуынша, кезінде «әлеуметтік саланың жанашырлары» толық емес отбасы деген жеңілдікке мұқтаж адамдар санатын ойлап тапқан.

– Соның салдарынан, ажырасқан отбасылар саны күрт өсіп, біз бір кезде бұл көрсеткіш бойынша әлемде «көш бастаған» елдердің қатарына қосылдық. Мұндай мысалдар аз емес. Осылайша, біз өзіміз жалқаулық пен масылдыққа жол беріп отырмыз. Отбасы мүшелерінің барлығы дерлік нысаналы әлеуметтік көмек пен жәрдемақы алатын болса, жұмыс істеудің не қажеті бар? Басқаша айтсақ, әлеуметтік салада оңтайлы шешім қабылдаудың орнына, Үкімет кемінде 15 жыл бойы әлеуметтік масылдық пен әлеуметтік алаяқтыққа жол беріп келді, – дейді Президент.

Президент Жолдауында көтерілген бұл мәселелер еліміздің әлеуметтік саясатына жаңаша көзқараспен қарау қажеттігін айқын көрсетіп отыр. Көмекке шынымен мұқтаж азаматтарды қолдау – мемлекеттің басты міндеттерінің бірі болса, сонымен қатар әлеуметтік әділеттілікті сақтап, масылдық пен алаяқтықтың жолын кесу де аса маңызды. Сондықтан, әлеуметтік төлемдер мен жеңілдіктер жүйесін қайта қарап, тиімді әрі әділетті тетіктерді енгізу қоғамның тұрақты дамуы мен азаматтардың шынайы әл-ауқатын қамтамасыз етудің негізі болмақ.

## ЕҢБЕККЕ БЕЙІМДЕЛМЕГЕН ЕЛДІҢ ЕРТЕҢІ БҰЛЫҢҒЫР

«Оңтүстік ТВ» телеарнасындағы «Көзқарас» бағдарламасының қонағы болған Шымкент қалалық кәсіподақтар орталығының төрағасы Бауыржан Әлтеев Қазақстан Республикасы Президентінің жолдауында әлеуметтік масылдыққа қатысты көтерілген мәселеге өз көзқарасын білдіре отырып, масылдықтың алдын алудың бірнеше жолын айтты:

– Жастарды жастайынан еңбекке баулу. Еңбекқорлық пен жауапкершілік қасиеттерін жастардың санасына мектеп қабырғасынан бастап сіңірсе, олар болашақта өз жолын оңай тауып, масылдықтан бойын аулақ салуға тәрбиеленіп өсер еді.



– Кәсіби білім алуға, жаңа дағдыларға үйретуге жағдай жасау. Қазіргі заманда бір ғана мамандықпен өмір бойы еңбек ету мүмкін емес. Сондықтан жастарды және еңбекке қабілетті азаматтарды заманауи талаптарға сай қайта оқыту, кәсіби біліктілігін арттыру олардың еңбек нарығында сұранысқа ие болуына септігін тигізеді. Бұл жұмыссыздықты азайтып, адамдардың өз күшіне сеніп, табыс табуына жол ашады.

– Еңбек етушілердің құқығын қорғап, әділ жалақы мен лайықты еңбек жағдайын қамтамасыз ету. Қазіргі таңда еңбек адамының еңбегі өз деңгейінде бағалануы тиіс. Жалақы әділ әрі уақытылы төленіп, жұмыс орындарында қауіпсіздік пен еңбек заңнамасының талаптары сақталуы керек. Бұл – тек әлеуметтік әділеттілік қана емес, ел экономикасының тұрақты дамуының да кепілі.

Төрағаның айтуынша, Қазақстанның басты байлығы – еңбекқор халық. Еңбекке деген ынта жоғалса, қоғам әлсірейді, экономика да бәсеңдейді. Сондықтан әлеуметтік қолдаудың шынайы мақсаты – азаматтарды еңбекке ынталандыру, ал мұқтаж жандарға әділ көмек көрсету болуы тиіс. Өз сөзінде ол:

– Әлеуметтік жәрдемақылар мен түрлі жеңілдіктер шын мәнінде қиын жағдайда қалған адамдарға арналуы керек. Алайда кейде еңбекке қабілетті азаматтардың өздері мемлекетке «арқа сүйеп», жұмыс істеуден қашқақтап, дайынға үйреніп кететін жайттар бар. Бұл – әлеуметтік масылдықтың көрінісі. Мұндай құбылыс қоғамның дамуына, халықтың әл-ауқатына кері әсер етеді, – деп атап өтті.

Расында да, әлеуметтік қолдаудың басты мақсаты – шынайы мұқтаж жандарға көмек көрсету, ал еңбекке қабілетті азаматтарды өз бетімен табыс табуға ынталандыру болуы тиіс. Жеңілдіктер мен жәрдемақылар жүйесін әл-ауқаты арттырудың бірден-бір құралына айналдыру қоғамның дамуын тежейді. Сондықтан елімізде қолға алынған жаңа әлеуметтік бағалау жүйесі мен масылдықтың алдын алуға бағытталған шаралар – әділетті Қазақстанды қалыптастыру жолындағы маңызды қадам. Еңбекқорлықты дәріптеу, кәсіби білім мен дағдыны арттыру, жас ұрпақты жауапкершілікке тәрбиелеу арқылы ғана біз тұрақты әрі әлеуетті қоғам құра аламыз. Өйткені, еңбекке бейімделмеген елдің ертеңі бұлыңғыр.

**Дайындаған**
**М.ИБРАЕВА**

# ЕҢБЕК ОЗАТЫ АТАНДЫ

**«Қалың қалай, бастауыш ұйым» акциясы аясында «Қызмет» салалық кәсіподағы Шымкент қалалық филиалының мүшелік ұйымы Шымкент қаласының Тұран ауданы әкімі аппаратының «Тұран» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің кәсіподақ мүшелерімен кездесу өткізді. Кездесуге «Қызмет» салалық кәсіподағы Шымкент қалалық филиалының төрағасы Серік Әуесханов пен Шымкент қаласы Тұран ауданы әкімінің орынбасары Аманжол Бекбол қатысып, мекеменің басшысы Нұрбек Қанаев және бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы Дариха Раманова бірге жұмыскерлердің хал-жағдайларымен танысты. Кездесу барысында еңбек қатынастары, еңбек және техника қауіпсіздігі мәселелері бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, кәсіподақтар қызметінің жұмыстарынан хабардар етілді.**

Жиын қорытындысында «Қызмет» салалық кәсіподағы Шымкент қалалық филиалының төрағасы, Тұран ауданы әкімінің орынбасары, мекеменің басшысы жұмысшыларды Қазақстан



Конституциясына 30 жыл толу мерекесімен құттықтап, жұмысшыларға Тұран ауданы әкімінің, «Тұран» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының «Алғыс хаттарын» және қалалық кәсіподақ филиалының «Еңбек озаты» төсбелгілерін, «Құрмет грамоталарын» және «Алғыс хаттарын» салтанатты түрде тапсырды. Атап айтқанда:

– «Еңбек озаты» төсбелгісімен Кенжебеков Нұрдаулет Махаббатұлы және Байменов Әуезхан Мұхтарұлы;

– «Құрмет грамотасымен» Қалыбекова Майра Берікқызы, Бекзатов Жандос Қарабайұлы және Жалғасбаев Нұрсұлтан;

– «Алғыс хатпен» Жүзбаев Нұрбол Байларұлы, Сұлтанбекова Гүлшат Лесбекқызы және Жұманов Мақсат Пәрімбайұлы марапатталды.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Интергаз Орталық Азия» АҚ Шымкент магистралдық газ құбырлары басқармасы филиалының «Ақбұлақ» СӨТ үшін 2025-2029 жылдарға арналған рұқсат етілген шығындылар нормативтері (РЕШН) жобасын түзету, ҚББ, ӨҚОБ, ТҚЖ жобалары бойынша қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналыс түрінде өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар өтетін әкімшілік-аумақтық бірлік тізімі: 42°22'18.8"N 69°55'44.4"E

Қоғамдық тыңдаулардың күні, уақыты және өтетін орны:

2025 жылғы 30 қазан, сағат 11:00-де Бәйдібек ауданы, Шаян ауылы, Б.Қарашаұлы көшесі, 51-үй

Карантиндік шектеулер енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар бейнеконференция арқылы өткізіледі.

Уақыты: 2025 жылғы 30 қазан, сағат 11:00

Конференция идентификаторы: 6165408596. Құпиясөз: 123456

https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09

Бастамашының реквизиттері мен байланыс деректері: «Интергаз Орталық Азия» АҚ

БСН 9707400000392 Заңды және нақты мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 160005, Шымкент қаласы, Жандосов көшесі, 21А

Жобаларды әзірлеушінің реквизиттері мен байланыс деректері: «SQUADRO GROUP» ЖШС

БСН 191040031207 Заңды мекенжайы: Астана қаласы, «Алматы» ауданы, Бейімбет Майлин көшесі, 23-үй Тел.: +7 (708) 333-2208

Жоба құжаттамасы орналастырылған интернет-ресурстар: Бірыңғай экологиялық портал: https://ndbecology.gov.kz. Жергілікті атқарушы органның сайты:

https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar

Қосымша ақпарат алу үшін байланыс деректері:

Электрондық пошта: a.nurzhankyzy@ica.kz

Қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты жергілікті атқарушы органның электрондық және пошталық мекенжайы:

Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы

Электрондық пошта: k.abdualiev@ontustik.gov.kz

Мекенжайы: Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Кентау трассасы, 2. Тел.: 8(72533)5-98-51.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

АО «Интергаз Центральная Азия» объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытых собраний для обсуждения проектов:

Корректировка Проект нормативов допустимых выбросов (НДВ) для ЛПУ «Акбулакское» филиала УМГ "Шымкент" АО «Интергаз Центральная Азия» на 2025-2029 гг. ПУО, ПЭК,ППМ.;

Список административно-территориальных единиц проведение общественных слушаний: 42°22'18.8"N 69°55'44.4"E.

Дата, время и место проведения общественных слушаний: 30 октября 2025 года в 11:00 часов по адресу Байдибекский район, с.Шаян, ул. Б.Карашаулы,51.

На случай введения карантинного режима на территории общественные слушания будут проведены посредством видеоконференции, по ссылке:

Время: 30 октября 2025 года в 11:00

Идентификатор конференции : 6165408596, код доступа:123456.

https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09

Реквизиты и контактные данные инициатора: Акционерное общество (АО) «Интергаз Центральная Азия», БИН 9707400000392, Юридический и фактический адрес: РК, 160005, РК, г.Шымкент, ул.Жандосова, 21А.

Реквизиты и контактные данные разработчика проектов: ТОО «SQUADRO GROUP». БИН 191040031207. Юридический адрес г.Астана, район "Алматы", улица Бейімбет Майлин, дом 23. Тел.: +7 (708) 333-2208.

Ссылка на единый экологический портал и интернет-ресурса местного исполнительного органа, где размещена документация по проекту: https://ndbecology.gov.kz,

https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar.

Электронный адрес и номер телефона для получения дополнительной информации: a.nurzhankyzy@ica.kz

Электронный и почтовый адресы местного исполнительного органа, ответственного за организацию общественных слушаний - Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области k.abdualiev@ontustik.gov.kz Туркестанская область, г.Туркестан, Трасса Кентау, 2, тел.: 8(72533)5-98-51.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Интергаз Орталық Азия» АҚ келесі жобаларды талқылау мақсатында ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды:

Талқыланатын жобалар: «Интергаз Орталық Азия» АҚ «Шымкент» МГБ филиалының «Полторацкое» ЛПУ-на арналған 2025–2029 жылдарға арналған атмосфераға зиянды (ластаушы) заттарды шығарудың рұқсат етілетін нормативтерінің (РШН) жобасын түзету. ҚББ, ӨЭБ,ТҚЖ.

Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізімі: 41°29'07.7"N 69°21'31.7"E.

Қоғамдық тыңдаулардың күні, уақыты және өткізу орны: 2025 жылғы 28 қазан, сағат 11:00-де, Жетісай қаласы, Әуезов көшесі, 20 үй.

Аймақта карантин режимі енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар бейнеконференция форматында келесі сілтеме бойынша өткізіледі:

Уақыты: 2025 жылғы 28 қазан, сағат 11:00

Конференция идентификаторы: 6165408596. Қатысу коды: 123456

https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09

Жобаның бастамашысы туралы мәліметтер:

«Интергаз Орталық Азия» АҚ

БСН 9707400000392. Заңды және нақты мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 160005, Шымкент қаласы, Жандосов көшесі, 21А

Жобаларды әзірлеушілер туралы мәліметтер: «SQUADRO GROUP» ЖШС

БСН 191040031207. Заңды мекенжайы: Астана қаласы, "Алматы" ауданы, Бейімбет Майлин көшесі, 23 үй Телефон: +7 (708) 333-2208.

Жоба құжаттамалары орналастырылған интернет-ресурстар: https://ndbecology.gov.kz https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar

Қосымша ақпарат алу үшін байланыс: Электрондық пошта: a.nurzhankyzy@ica.kz

Қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты жергілікті атқарушы органның байланыс ақпараты: Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы. Электрондық пошта: k.abdualiev@ontustik.gov.kz. Мекенжай: Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Кентау трассасы, 2. Телефон: 8(72533)5-98-51.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

АО «Интергаз Центральная Азия» объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытых собраний для обсуждения проектов:

Корректировка Проект нормативов допустимых выбросов (НДВ) вредных (загрязняющих) веществ в атмосферу для ЛПУ «Полторацкое» филиала УМГ «Шымкент» АО «Интергаз Центральная Азия» на 2025-2029 гг. ПУО,ПЭК,ППМ.

Список административно-территориальных единиц проведение общественных слушаний: 41°29'07.7"N 69°21'31.7"E.

Дата, время и место проведения общественных слушаний: 28 октября 2025 года в 11:00 часов по адресу город Жетысай ул.Ауэзова 20.

На случай введения карантинного режима на территории общественные слушания будут проведены посредством видеоконференции, по ссылке:

Время:28 октября 2025г 11:00

Идентификатор конференции : 6165408596, код доступа 123456.

https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09

Реквизиты и контактные данные инициатора: Акционерное общество (АО) «Интергаз Центральная Азия», БИН 9707400000392, Юридический и фактический адрес: РК, 160005, РК, г.Шымкент, ул.Жандосова, 21А.

Реквизиты и контактные данные разработчика проектов: ТОО «SQUADRO GROUP». БИН 191040031207. Юридический адрес г.Астана, район "Алматы", улица Бейімбет Майлин, дом 23. Тел.: +7 (708) 333-2208.

Ссылка на единый экологический портал и интернет-ресурса местного исполнительного органа, где размещена документация по проекту: https://ndbecology.gov.kz,

https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar.

Электронный адрес и номер телефона для получения дополнительной информации: a.nurzhankyzy@ica.kz

Электронный и почтовый адресы местного исполнительного органа, ответственного за организацию общественных слушаний - Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области k.abdualiev@ontustik.gov.kz Туркестанская область, г.Туркестан, Трасса Кентау, 2, тел.: 8(72533)5-98-51.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Интергаз Орталық Азия» АҚ келесі жобаларды талқылау мақсатында ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды:

Талқыланатын жобалар: «Интергаз Орталық Азия» АҚ «Шымкент» МГБ филиалының «Полторацкое» ЛПУ-на арналған 2025–2029 жылдарға арналған атмосфераға зиянды (ластаушы) заттарды шығарудың рұқсат етілетін нормативтерінің (РШН) жобасын түзету. ҚББ, ӨЭБ,ТҚЖ. «Интергаз Орталық Азия» АҚ «Шымкент» МГБ филиалының «Ақбұлақ» ЛПУ-на арналған 2025–2029 жылдарға арналған рұқсат етілетін шығарындылар нормативтері (РШН) жобасын түзету.ҚББ, ӨЭБ,ТҚЖ. ҚОҚБ бөлімдері: «Қаратас» ГТС-те операторлық блок-бокстың құрылысы. «Ленинское» ГТС-те операторлық блок-бокстың құрылысы.

Қоғамдық тыңдауларды өткізуге жататын әкімшілік-аумақтық бірліктердің координаттары: 42°22'18.8"N 69°55'44.4"E. 41°29'07.7"N 69°21'31.7"E. 41°52'35.5"N 69°27'31.1"E. 41°45'32.8"N 69°23'57.0"E

Қоғамдық тыңдаулардың өтетін күні, уақыты және орны:

2025 жылғы 27 қазан, сағат 11:00-де

Қазығұрт ауданы, Қазығұрт ауылы, Д.Қонаев көшесі, 95-үй

Карантин режимі енгізілген жағдайда тыңдаулар бейнеконференция арқылы өтеді.

Zoom арқылы қосылу: Уақыты: 2025 жылғы 27 қазан, сағат 11:00

Конференция идентификаторы: 6165408596. Қатысу коды: 123456

https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09

Жобаның бастамашысы туралы мәліметтер:

«Интергаз Орталық Азия» АҚ

БСН 9707400000392. Заңды және нақты мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 160005, Шымкент қаласы, Жандосов көшесі, 21А

Жобаларды әзірлеушілер туралы мәліметтер:

«SQUADRO GROUP» ЖШС

БСН 191040031207. Заңды мекенжайы: Астана қаласы, "Алматы" ауданы, Бейімбет Майлин көшесі, 23 үй Телефон: +7 (708) 333-2208. «ЮгГазПроект» ЖШС

Жоба құжаттамалары орналастырылған интернет-ресурстар: https://ndbecology.gov.kz https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar

Қосымша ақпарат алу үшін байланыс: Электрондық пошта: a.nurzhankyzy@ica.kz

Қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты жергілікті атқарушы органның байланыс ақпараты: Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы. Электрондық пошта: k.abdualiev@ontustik.gov.kz. Мекенжай: Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Кентау трассасы, 2. Телефон: 8(72533)5-98-51

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

АО «Интергаз Центральная Азия» объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытых собраний для обсуждения проектов:

Корректировка Проект нормативов допустимых выбросов (НДВ) вредных (загрязняющих) веществ в атмосферу для ЛПУ «Полторацкое» филиала УМГ «Шымкент» АО «Интергаз Центральная Азия» на 2025-2029 гг. ПУО,ПЭК,ППМ. Проект нормативов допустимых выбросов (НДВ) для ЛПУ «Акбулакское» филиала УМГ «Шымкент» АО «Интергаз Центральная Азия» на 2025-2029 гг. ПУО,ПЭК,ППМ. Разделы ООС «Строительство блок-бокса операторной на ГРС "Каратас"», Строительство блок-бокса операторной на ГРС «Ленинское.

Список административно-территориальных единиц проведение общественных слушаний: - 42°22'18.8"N 69°55'44.4"E, 41°29'07.7"N 69°21'31.7"E, 41°52'35.5"N 69°27'31.1"E, 41°45'32.8"N 69°23'57.0"E.

Дата, время и место проведения общественных слушаний: 27 октября 2025 года в 11:00 часов по адресу Казыгуртский район, с.Казыгурт, ул.Д.Конаева ,95.

На случай введения карантинного режима на территории общественные слушания будут проведены посредством видеоконференции, по ссылке:

Время:27 октября 2025г 11:00

Идентификатор конференции : 6165408596, код доступа 123456.

https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09

